

**"Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 3 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 3-4, 14-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

"Инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесі" деген бөлім:

мына:

"

Бөлім	Бөлімнің атауы	Топ	Топтың атауы	Сынып	Сыныптың атауы
-------	----------------	-----	--------------	-------	----------------

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

05	Көмір өндіру	05.1	Тас көмір өндіру	05.10.3	Тас көмірді байыту
----	--------------	------	------------------	---------	--------------------

";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап ақ қант (СЭҚ ТН коды 170199) кедендік әкелу бажынан босатылмайды;

** 2019 жылғы қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда орналасқан;

*** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдың жол маңындағы жолағында орналасқан;

**** тек темір кені концентратының және (немесе) шекемтастар өндірісіне қатысты ;

***** тек тас көмірді байытуға қатысты."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК